

**"Тауар биржаларының электрондық сауда жүйесіне қойылатын міндетті талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрінің 2015 жылғы 26 ақпандағы № 141 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 25 қарашадағы № 728 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 24 желтоқсанда № 12501 болып тіркелді

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. «Тауар биржаларының электрондық сауда жүйесіне қойылатын міндетті талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрінің 2015 жылғы 26 ақпандағы № 141 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10695 болып тіркелген, 2015 жылғы 10 сәуірде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған бұйрығымен бекітілген Тауар биржаларының электрондық сауда жүйесіне қойылатын міндетті талаптарында:

4 тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) тауар биржаның электрондық сауда жүйесі (бұдан әрі – ТБЭСЖ) – электрондық биржалық сауда-саттықты өткізу үшін қажетті және биржалық мәмілелер жасасу, сондай-ақ ақпарат жинау, сақтау, өңдеу және ашу процесін автоматтандыруды қамтамасыз ететін, тауар биржасының есептеу құралдары, бағдарламалық қамтамасыз етілуі, дерекқорлары, телекоммуникациялық құралдары және басқа да жабдықтары к е ш е н і . » ;

10 тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) ТБЭСЖ БҚ сауда жүйесі, ақпараттық-талдау жүйесі, деректер беру желісі (егер сауданың технологиялық процесі осындай жүйемен өзара іс-қимылды жасауды көздесе ) бағдарламалық жүйелерді қамтуы (немесе қолданыстағы бағдарламалық жүйелермен электрондық өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді)».

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Сауда қызметін р е т т е у д е п а р т а м е н т і :

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік т і р к е л у і н ;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ресми интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрінің  
міндетін атқарушы М. Құсайынов*

*« К Е Л І С І Л Д І »  
Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму министрі  
Ә. Исекешев*

2015 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_